ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ

ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ

"БЕКІТЕМІН"
Шыршық мемлекеттік
педагогика университеті
ректоры
Г.И. Мухамедов
_______________
2023 жыл "___" _______

# ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІ

## ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім саласы: 100000 – Білім
Оқыту саласы: 110000 – Білім
Оқыту бағыты: 60111500 – Ана тілі мен әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)

Шыршық-2023

| Пән/модуль коды | Оқу жылы | Семестр | Кредиттер |
|---|---|---|---|
| Util406 | 2026/2027 | 7 | 6 |
| **Пән/модуль түрі** Міндетті | **Оқыту тілі:** Қазақ тілі | | **Апталық сағат** 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **Пәннің аты** | **Аудитория жаттығулары (сағат)** | **Өзіндік білім (сағат)** | **Жалпы жүктеме (сағат)** |
| | Жалпы тіл білімі | 60 | 120 | 180 |

2.

**I. Пәннің мазмұны**

**Пәнді оқытудан мақсат** – лингвистикалық ойлау қабілетін қалыптастыратын жалпы методологиялық сипаттағы күрделі мәселелерді түсіну, тілдің мәні және тіл бөлшектерінің семиологиялық табиғаты, тілдің дамуы мен коммуникативтік қызметі, тіл-ойлау-ақиқат, тіл және қоғам, басқа да коммуникативтік құралдар мәселелерін танып білу.

**Пәннің міндеттері**–негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу, ғылыми идеяларға сын көзбен қарап дәлелдей алу және концепциялар мен теорияларды талдай білуге дағдыландыру.

**II. Негізгі теориялық бөлім (лекция жаттығулары)**

**II.I. Пән құрамына төмендегі тақырыптар енеді:**

**1-тақырып. Көне замандар лингвистикасы.**
Көне Үндістан лингвистикасы. Веда тілін зерттеу, Көне Үндістанда тіл білімінің төрт бағыты бойынша зерттелетіндігі. Тілдегі барлық сөздерді есім, етістік, предлог, демеулікке топтау.

**2-тақырып. Байырғы Греция лингвистикасы.**
Лингвистиканың философиялық, филологиялық кезеңдері. Заттың өз атауына қатысы, тілдің шығуы жөніндегі және грамматикаға қатысты мәселелер.

**3-тақырып. Араб лингвистикасы.**
Сөздерді есім, етістік, демеуліктерге бөлу. Әл-Фирузабади, Махмуд әл-Қашқари еңбектері.

**4-тақырып. Орта ғасырға дейінгі Европа лингвистикасы.**
Грек, латын тілдерінің жазу тілі ретінде қолданылуы. Латын тілі грамматикасының барлық тілдерге бірдей ортақ құрал деп есептелуі. П.С.Паллаев, Лоренцо, Эрваси-Памдура т.б. сөздіктері.

**5-тақырып. Тарихи-салыстырмалы тіл білімі.**
Тіл білімі дамуы жаңа дәуірінің тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана бастауы. Франц Бопп, Расмус Раск, Якоб Гримм т.б. еңбегі.



**6-тақырып. XIX ғ. Тіл біліміндегі ағымдар.**
Тілді қоғамдық ғылымдар қатарына жатқызу. jазан, Мәскеу мектептері. Натуралистік, психологиялық, жас грамматистік көзқарастар.

**7-тақырып. XX ғ. тіл білімі. Лингвистикалық мектептер.**
Жас грамматизмге қарсы бағытталған мектептер: «Сөздер және заттар», «Эстетизм», «Неолингвизм», «Социологиялық мектеп», «Структурализм», Копенгаген мектебі. Әр мектептің өзіндік ерекшелігі.

**8-тақырып. Отандық тіл білімінің дамуы.**
Фонетиканың И.А.Бодуэнде Куртенье, Л.В.Щерба, Е.Д.Поливанов т.б. еңбектерінде дамып келгендігі. Қазақ тіл білімін зерттеу объектісі еткен түркологтар: В.В.Радлов, И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, Е.Катеринский, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Х.Басымов, С.Жиенбаев, Ә.Сауранбаев, Ә.Ермеков, М.Балақаев, А.Ысқаков т.б. еңбектерінің маңызы.

**9-тақырып. Тілдің анықтамасы.**
Тілге берілген анықтамалардың әр түрлілігі. Тілдің коммуникативтік, экспрессивтік қызметі және оның қатынас құралы екендігі. **Дыбыс тілінің пайда болуы**. Мұндағы еңбектің мәні. Дыбыс тілінің пайда болуындағы алғы шарттар. Сөйлеу тілінің бірден пайда болмағандығы.
**Тіл және сөйлеу.** Бұл екеуінің арасындағы бірлік пен өзгешелік. Тіл мен ой-сана арасындағы қарым-қатынас.

**10-тақырып. Тілдің таңбалық сипаты**
**Проблеманың зерттелу тарихы**. Таңба - белгі, бір ұғымның шартты белгісі. Дүниедегі таңбаларды зерттейтін ғылым - семиотика. Сөйлеу тілі - таңбалардың ерекше түрі ретінде қарау приципі. Коммуникативтік қызмет - таңбаларға ортақ функция.

**11-тақырып.Таңбалардың өзіндік сипаты мен түрі**. Лингвистикалық және лингвистикалық емес таңбалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Лингвистикалық емес таңбалардың В.А.Звягинцев көрсеткен ерекшеліктері және түрлері.
Ф.де Соссюрдің таңбаға берген анықтамасы. Таңбаға берілген әр түрлі анықтамалар. Сөз және таңба.Лингвистикалық таңбалардың ерекшеліктері. Лингвистикалық таңбалардың түбірлі өзгешеліктері, олардың дыбыс тілінің қасиетінен туатындығы. Таңба мен таңбалаушы арасындағы байланыс.

**12-тақырып. Тілдің жүйелік, құрылымдық сипаты.**
Жүйе мен структураның бірлігі мен өзгешеліктері. Жүйе-біртектес элементтердің бірлігі. Тіл - структуралық жүйе. Екеуі де тілдік элементтердің қарым-қатынасы мен байланыстарының жиынтығы.
Жүйенің анықтамасы мен құрамды бөлшектері. Жүйе элменттері қатынастарының синтагмалық, парадигмалық, иерархиялық болып бөлінетіндігі.

**13-тақырып. Тілдің даму заңдылығы.**

Өзгеру, даму - тілге де тән. Тілдің функционалдық дамуы. Тілдегі дамудың эволюциялық жолмен іске асатындығы. Тілдік қабаттардың бірдей дәрежеде дамуы.Тілдік өзгерістердің ішкі-сыртқы себептері. Тілдің дамуына түрткі болатынішкі, сыртқы факторлар, шешуші роль атқаратыны - қоғам, қоғамдық құрылыс туғызатын дифференциялық, интеграциялық процестер. Тіл салаларының әр түрлі дамуы.

**14-тақырып. Тіл және қоғам**

Қоғамсыз тіл болмайды, тілсіз қоғам да болмайды деген қағида қазіргі заман тіл білімінде берік орын алған, талассыз тұжырым. Тілдің қоғаммен байланысын зерттейтін тіл білімінің іләуметтік тіл білімі деп аталатын саласы 50-жылдардан бастап ие болды.

Тіл мен қоғам арасында болатын қарым-қатынас – өте күрделі ккп қабатты, кең, салалы проблема.

**15-тақырып. Тіл білімін зерттеу әдістері.**

Методология және әдіс. Методология - әр ғылымның басшылыққа алатын философиялық көзқарасы, әдіс -болмысты түсіндіру тәсілі. Методология-тұрақты, ал әдіс-түрленгіш.

Линввистикалық әдістер: сипаттама, тарихи, салыстырмалы, салғастырмалы, структуралық, математикалық. Бұлардың жеке анықтамаларының бір-бірінен өзгешелігі.Зерттеу методикалары. Әдіс - зерттеп отырған объектіні танудың, фактілерді талдаудың жолын, ал методика - фактіні жинау мен сұрыптауды, қажетті түрге келтіруді айқындайды.Тіл білімінің ғылымдар арасындағы орны және олармен байланысы. Зерттеу объектісіне қарай ғылымдардың қоғамдық және жаратылыстану тобына бөлінуі.А.Шлейхер, Ф.де Соссюр көзқарастары.

**III. Практика жаттығулары бойынша әдістемелік нұсқау және ұсыныстар**

Практикажаттығулар үшін төмендегі тақырыптар ұсынылады:

1. Тілдің өзіндік мәні, сипаты.
2. Тіл - қатынас құралы.
3. Ежелгі дәуір тіл білімі
4. Орта ғасыр тіл білімі
5. XIX ғасыр тіл біліміндегі ағымдар
6. XIX ғ. тіл біліміндегі лингвистикалық мектептер
7. Отандық тіл білімінің дамуы.
8. Тілдің жүйелік, құрылымдық сипаты.
9. Тілдік таңбалардың түрлері
10. Неолингвизм лингвистикалық мектебі

Практика жаттығулары мультимедиа құрылмалармен жабдықталған аудиторияда бір академиялық топта бір профессор-оқытушы тарапынан өтілуі қажет. Жаттығулар актив және интербелсенді әдістер көмегінде



өтілуі, сәйкес түрде педагогикалық және ақпарат технологиялардан қолдану мақсатқа сай.

**IV.Өзіндік білім және өзіндік жұмыстар**

**Аудиториядан тыс уақытта орындалатын өзіндік жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша орындау ұсынылады:**

- Конспект жазу;
- Глоссарий түзу;
- Индивидуал және ұжымдық жұмыс;
- Кейс-тапсырмаларын орындау;
- Тақырыпты портфолюлар түзу;
- Интернет желісінен материалдар топтау;
- Тақырыпқа сай кестелер дайындау;
- Реферат жазу;
- Презентация (слайд) жасау;

Білім бағытының (мамандық)тың негізінен келіп шығып, өзіндік жұмыстарының басқа түрлерінен де пайдалануға болады.

**Өзіндік білім үшін ұсынылатын тақырыптар:**

1. Ежелгі араб лингвистикасы.
2. Орта ғасырлық лингвистикасы.
3. Қайта өркендеу дәуірінің лингвистикасы.
4. Тарихи-салыстырмалы тіл ғылымы.
5. XIX ғасыр тіл біліміндегі ағымдар.
6. XIX ғ. тіл біліміндегі лингвистикалық мектептер.
7. Неолингвизм лингвистикалық мектебі.
8. Эстетизм мектебі.
9. Структуралды әдіс.
10. Матеметикалық әдіс.
11. Этнографиялық лингвистика.
12. Кеңес дәуіріндегі тіл білімі.
13. Түркі тілдері туралы ғылым
14. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы.
15. Тіл және қоғам.

Өзіндік меңгерілетін тақырыптар бойынша студенттер реферат жазу немесе оны презентация жасау ұсынылады.

3. **V.Пәнді оқыту нәтижесінде (қалыптасатын компетенциялар)**

Пәнді меңгеру нәтижесінде студент:

- Тіл білімінің өзекті мәселелерін білуі, тіл білімі тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну білу сияқты**білімге ие болуы; (білім)**

| | |
|---|---|
| | • Алған білімдерін практикада қолдана білу, негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу,практикада **қолдана білуі,дағды қалыптастыруға ие болуы; (дағды)**<br>• Тілді талдаудың негізгі әдістерін меңгеру, теориялық талдау жасай алу**ептілігіне ие болуы керек.(ептілік)** |
| **4.** | **VI. Оқыту технологиялары мен әдістері:**<br>• лекциялар;<br>• интербелсенді әдістер;<br>• тақырып бойынша кейс-сатдилар<br>• семинарлар (СТО, проблемалы оқыту, сұрақ-жауап, т.б.);<br>• топтық жұмыс;<br>• презентация жасау. |
| **5.** | **VII. Кредиттерді алу үшін талаптар:**<br>Пәнге тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық игеру, талдау нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдау, үйреніліп жатқан тақырып бойынша өзіндік ой-пікір айту және ағымдағы, аралық бақылау қалыптарында берілген тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша жазбаша жұмысты тапсыру. |
| **6.** | **VIII. Негізгі және қосымша оқу әдебиеттер мен ақпарат деректері**<br>**Негізгі әдебиеттер:**<br>1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993.<br>2.Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы, «Санат», 2003.<br>3. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. Павлодар, 2010.<br><br>**Көмекші әдебиеттер:**<br>1. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президенти лавозимига киришиштан танали маросимига бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. –Тошкент :Ўзбекистон, 2016. - 56 б.<br>2.Мирзиёев Шавкат Миромонович. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қоидаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилдаи жтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий якунларива 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2017. – 104 б.<br>3. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Буюк келажагимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамиз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва |



| | |
|---|---|
| | Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайлов олди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўринолган. /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б<br>4. Қалиұлы Б. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, «Мектеп», 1997.<br>5. Кузембаев К. Қазақ тілі терминдерінің салалық-ғылыми түсіндірмелі сөздігі. – Алматы, «Мектеп», 2007.<br>6. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А.: «Арыс», 2007.<br>7. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. А.: «Арыс», 2008.<br>8. Қордабаев Т. Түркология және қазақ тіл білімі. Алматы, 1998.<br>9.Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы XVIII-XIX ғ. Алматы: Ана тілі, 1994.<br>10. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтауышы. Астана, 2000.<br><br>**Ақпарат ресурстары:**<br>11.http://www.edu.uz–O‘zbekiston Respublikasi Oliy va o‘rta maxsus ta’limvazirligi sayti.<br>12. http:www.uzedu.uz – O‘zbekiston Respublikasi Xalq ta’limi vazirligi sayti.<br>13. http://www.gov.uz– O‘zbekiston Respublikasi xukumati portali.<br>14. www.pedagog.uz<br>15. www.cspi.uz<br>16.www.pedagog.uz<br>17.www.edu.uz<br>18. www.natlib.uz (A.Navoiy nomidagi O‘z.MK)<br>19. www.ziyonet.uz - Ziyonet axborot-ta’lim resurslari portali |
| **7.** | Шыршық мемлекеттік педагогика университеті тарапынан істеп шығылған және университет Кеңесінің 2023 жыл “28. 08” 1 дағы қаулысымен бектілген. |
| **8.** | **Пән/модуль үшін жауапкерші және бағдарлама авторлары:**<br>У.Байқабылов – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасы доцент м.а.<br>Г.Анарбекова – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасының оқытушысы. |
| **9.** | **Пікір білдірушілер:**<br>Д.У. Дуйсабаева– ТМПУ-дің, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті.<br>Н. Жарасбаев – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасының оқытушысы. |